

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 04.51.23

Колжазба құқында

## **БАЙҒАБЫЛОВ НҰРЛАН ОРАЛБАЙҰЛЫ**

**Атамекеніне оралған қазақтардың мемлекет құрушы ұлт  
талаптарына әлеуметтік сәйкестенуі**

6D050100 - Әлеуметтану

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
әлеуметтану ғылымдарының  
докторы, профессор Т.Ж.Қалдыбаева  
Шетелдік ғылыми кеңесші  
PhD докторы, профессор  
Х.Тюфекчиоглу (Түркия, Стамбул университеті)

Қазақстан Республикасы  
Астана, 2013

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	3
<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
<b>МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУШЫ ҰЛТТЫҢ ЖӘНЕ ЭТНОСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СӘЙКЕСТЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРИН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	18
1.1 Мемлекет құруши ұлт туралы әлеуметтік теориялар.....	18
1.2 Жаһандану жағдайындағы әлеуметтік сәйкестену ілімінің эволюциясы.....	30
1.3 Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастардың әлеуметтік антропологиялық аспектілері.....	37
<b>2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУШЫ ҰЛТ ПЕН ЭТНОСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛГІ МЕН СӘЙКЕСТЕНУІ</b> .....	47
2.1 Мемлекет құруши ұлттың қалыптасуы және дамуының әлеуметтік тариhi аспекті.....	47
2.2 Қазақстан Республикасындағы мемлекет құруши ұлттың әлеуметтік жауапкершілігі.....	61
<b>3 ЕЛГЕ ОРАЛҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУШЫ ҰЛТ ТАЛАПТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК СӘЙКЕСТЕНУІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ</b> .....	75
3.1 Елге оралған қазақтардың әлеуметтік бейімделуі мен оның өзекті мәселелері.....	75
3.2 Елге оралған қазақтардың білім және рухани-мәдени саладағы сәйкестенуі.....	97
3.3 Елге оралған қазақтардың әлеуметтік және саяси-экономикалық саладағы сәйкестенуі.....	106
<b>КОРЫТЫНДЫ</b> .....	119
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	122
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	131

## **АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі сілтемелерге анықтамалар көрсетілген:

Диаспора (грекше – diaspora, шашыраңқы) -әлеуметтік ғылымдарда ұлттық атақұрты болып табылатын елден тыскары өмір сүретін халықтың бір бөлігі.

Ирредента - немесе қайта қосылмаған ұлттар отандастары басым тұратын мемлекетпен шектес аумақтарда қоныстанған этникалық аз топтарды білдіреді (мысалы Қазақстан жағдайында Ресей, Қытай, Өзбекстан т.б. елдердің шектес терриориялары).

«Нұрлы көш» - этникалық қазақтарды атамекенге қоныстандыру мақсатында 2009-2011 жж. жүзеге асырылған үкіметтік бағдарлама.

Оралман (репатрианттар - Қазақстан тәжірибесінде) - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде (1991жылдың 16 желтоқсанына дейін) оның шетінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатымен келген ұлты қазақ шетелдіктер (этникалық қазақтар) немесе азаматтығы жоқ адамдар.

Репатриация (ежелгі латынша repatriatio) – атамекеніне оралу.

АЕК – айлық есеп көрсеткіші.

ӘСА – Әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар ассоциациясы.

РҚБ – республикалық қоғамдық бірлестік.

СИМ – сыртқы істер министрлігі.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Қазақстан Республикасына - тарихи атамекеніне оралған қазақтардың мемлекет құруши ұлт талаптарына әлеуметтік сәйкестенуіне әлеуметтанулық талдау жасалынады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** XXI ғасырда тәуелсіз Қазақстан қоғамы әлеуметтік-экономикалық жаңа сапаға ие болды. Жаһандану жағдайында нарықтық экономика мен жаңа саяси және әлеуметтік жүйе қалыптасып, Қазақстан әлемдік өркениетті мемлекеттер көшінің қатарына қосылды. «Стратегия-2030» қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекет әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді. Нәтижесінде, 2012 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің көлемі жағынан Қазақстан Республикасы әлемнің 50 ірі экономикасының қатарында. Әлемнің барлық елдерінің дамуын салыстыратын мойындалған рейтингтер бар. Осыдан алты жыл бұрын ел алдына әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық міндет қойылса, қазір Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді.

Жаһандану үрдістері қоғамның барлық салаларында өзіндік көріністерін байқатуда. Оның жағымды құбылыстарымен қатар әлемдік қауіптер және қарама-қайшылықтар да белен алуда. Жаһандану үрдісімен Қазақстанның ішкі әлеуметтік ақықатынан пайда болатын қарама-қайшылықтар, қауіптер және ғылыми-практикалық негізде реттеуге тиісті мәселелер жетерлік. Осындай көкейтесті мәселе қатарында елдегі ұлттық қатынастар бар. Көп ұлттар мекендереген және әртүрлі діни бағыттар жайлайған жағдайдағы Қазақстанға аталған мәселенің ғылыми маңызы зор.

Ұлт мәселесі, әлемдік деңгейдегі саяси-экономикалық дамуы әлеуметтіктарихына қысқаша шолу жасасақ, XX ғасыр басындағы империализм сатысы кезеңінде ол өте күрделенген болатын. Откен ғасыр басында үстем империалистік державалар әлемдік экономикада өз ықпалын жүргізуге бақталастықты қүшейтіп, ықпалдарына түскен өзге ұлттардың мұдделерін аяққа таптады. Нәкты көрінісі бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Антанта мен Үштік (Төрттік) коалиция елдерінің әрекеті [1]. Көптеген мемлекеттегі ұлттар мен халықтарға тәуелсіздігінен айрылу, немесе экономикалық шикізат көзіне айналу қауіптері қүшейді. Сондықтан XX ғасыр басындағы таластар мен қайшылықтар ұлт мәселелеріне аса күшті назар аударуды талап етті. Бұл мәселені шешпейінше әлемде тыныштық болмайтынын алғашқы түсінгендер Батыс мемлекеттерінің, соның ішінде австриялық социалистер болатын [2]. Олардың көзқарастарын кейін революцияшыл көңіл-күйдегі марксистер жалғастырды. Марксизм идеясына сүйенген Кенес одағындағы большевиктер империалистерге қарсы бұратана халықтардың азаттық күресін социалистік революция негізінде пайдалануға тырысты, Кенес одағы социалистік қоғам құру әдісімен өз ішінде де күрделенген ұлт мәселесінің бірқатар жақтарын реттегенімен құрамына енген халықтар ассимиляциялану үрдісін күшейтіп тілдік, мәдени және ұлттық

тоқырауға алып келді. КСРО ыдырауымен ұлттық мәселелер тәуелсіз мемлекеттер жағдайында жаңаша қаралып шешіле бастады.

Ұлт пен ұлт арасында пайда болған түсінбестік әлемдік деңгейге көтеріліп талай рет аймақтық соғыс өрттерін жақты. Тарихтағы бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар, қыргы-қабак соғысы, таяу Шығыстағы араб-еврей жанжалы, Испания, Ресей, Турция, Ирландиядағы т.б. елдердегі этноқайшылықтар бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Ірі держава ықпалына түскен әр бодан халық үшін ұлттық билік, тіл, дін және мәдениетті сақтау өзекті.

Қазақ хандығы құрылып, қазақ мемлекеті негізі қаланған сонау ХҮ ғасыр кезеңінен талай тарихи әлеуметтік-саяси соқпақтардан өткен Қазақстан үшін де ұлт мәселесі ерекше маңызды. Жоғарыда қордаланған ұлттық мәселелер қатарында мемлекеттік тілі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтар аталса, бұл мәселелер тәуелсіздік алғанына жиырма жыл асса да егеменді Қазақстан елі үшін әлі шешімін өз мәнінде таппаған мәселелер қатарында. Қазақстан аталған құндылықтарын өз дәрежесінде дамыта алмай отырғаны әлеуметтік ақықат. Олар тиісті шешімін тауып, елдегі ұлттық қажеттіліктер қанағаттандырмаса елеулі қайшылықтардың пайда болу ықтималдығы бар. 2013 жылы 5 маусымда мемлекеттік хатшы Марат Тәжіннің Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында жасаған баяндамасында «нағыз ұлттық қадір-қасиет ұлттық тарихтан басталады» деген сөзі қазақ тарихын ұлттық тұрғыда саралаудың, ұлттық қажеттіліктерді қанағаттандыратын жаңа кезеңін бастайды [3].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының 2007 жылы 4 шілде кезектен тыс XI съезінде «қазақстандық ұлт» мәселесін көтеріп, 2008 жылғы 23 қазанда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында Қазақстанның ел бірлігі доктринасы жарияланды. 2009 жылы қарашада «Жас Алаш», «Президент және халық», «Қазақ», «Жаңа апта», «Жас қазақ үні», «Қазақстан», «Заман-Қазақстан» газеттерінде және «Abai.kz» сайтында белгілі әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлері барлығы 124 адам қол қойған, 5 мыңнан астам халық қолдаған «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа, қазақ халқына, республикамыздағы өзге ұлт өкілдеріне ашық хат» жариялады. Онда бастауын «американдық ұлттан» алатын, «қазақстандық ұлтқа», яғни Қазақстан халқы Ассамблеясы талқылауға ұсынған «Ел бірлігі» доктринасының осы тұсина қарсылық білдіруі қоғамдағы ұлт мәселесінің өзектілігін байқатады [4].

Қарсылыққа ұшыраған идея бойынша қазақ ұлты елдегі жүзден астам ұлт өкілдерімен біте қайнасып американдық ұлт сияқты әлеуметтік қауымдастық болмақ. Ғалым С.Борбасовтың пікіріне сүйенсек «Бұл идеяны іске асыруши ретінде АҚШ-ты алуға болады. Америка ұлтының өкіліне оның этникалық шығу маңызды емес, оның Америка азаматы болуы маңызды. Ұлт мәселесін шешудің американлық азаматтық ұлгісі адамдардың өздеріне тән ұлттық ерекшеліктерін дамытуға ешқандай мүмкіндік бермейді. Азаматтық қоғамда ол адам, содан кейін ғана белгілі бір этностың мүшесі» [5].

Бұл американдық ұлгі «қайнатушы қазан» тұжырымдамасы болып табылады, елге келген мигранттар өз этностық шыққан тегінен бас тартып ассимиляцияға ұшырайды, нақты мысалды Франциядан көре аламыз, сондай-ақ Канада, Ұлыбритания, Германияда осы әлемдік тәжірибе мысалы.

Бұгінде әлеуметтік өмірдің бар саласын қамтыған әлемдік жаһандану үрдісі көптеген халықтардың ұлт мәртебесінде өзіне тән ұлттық келбеттерін, құндылықтарын, дінін, тілдерін сақтауына мүмкіндік бермейді, XXI ғасыр азшыл этностардың ассимляциялануы, жоғалып кетуі процесі жылдамдайтын кезеңі.

Ұлт мәселесін шешудің келесі жолы «мәдени-ұлттық автономия» тұжырымдамасы болып келген. Ол XIX ғасырдағы австриялық-венгриялық социалистердің идеяларынан шықты. «Мәдени-ұлттық автономия» доктринасы бойынша әрбір этностың жеке мемлекет құруға ұмтылуы мүмкін емес. Сондықтан олардың тілдік, мәдени талаптарының орындалуына жағдай жасау қажет. Қазақстан Республикасының жүргізіп отырған этносаясатының идеялық тамырлары осы «мәдени-ұлттық автономия» тұжырымдамасына сүйенген [6].

Сонымен, Қазақстан қоғамының іргетасын қалаушы қазақ ұлтының мемлекетке иелігі - «қазақстандық ұлт», «казаматтық ұлт» секілді ұғым түсініктедің көлеңкесінде қалып, өзінің әлеуметтік-саяси мәнінен айырылып қалмауға тиіс.

Бұгінгі Қазақстанда ұлт мәселесі жоқ деп айта алмаймыз. Қазақстанда қазақ ұлты бар. Ол объективті ақиқат. Францияда француз ұлты, Ресейде мемлекет құрган орыс ұлты, Өзбекстанда- өзбек ұлты негізгі рөл атқарса Қазақстанда қазақ ұлты ел тағдырында шешуші рөлге ие болуға тиіс. Қазақстанды мекендейген өзге азшыл этнос өкілдері мемлекет құраушы ұлт құрамына кіреді, ал қазақ ұлтының негізгі мемлекет құруши ұлт екені әлеуметтік шындық.

Біздің тарапымыздан, Қазақстандағы мемлекет құруши қазақ ұлты жаһандану заманында әлемдік адами құндылықтарды қабылдап, дамыта отырып өзінің ұлттық мақсат-мұраттарын жоғары деңгейде жүзеге асыратынына толық үміт бар. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы этнодемографиялық ахуал қазақ ұлты біртіндеп қалпына еніп, саны жағынан басым болып келе жатқанын көрсетеді. 1991 жылы қазақтардың саны Қазақстан халқының 41 % 6 млн. 800 мың адамын құраса, ал 2008 жылы 62 %, 9,2 млн. адам құраған. Мемлекет құруши ұлт 17 жылда 21% артып 2 млн 400 мың адамға молайса, соңғы санақ нәтижесі бойынша қазактар 63,9 % жетіп отыр [7]. Бұгінде соңғы зерттеулер бойынша мектеп оқушыларының 71% қазақ ұлтының ұл-қыздары болып отыруы ертеңгі күнді болжауға негіз береді. 2012 жылы шілде-желтоқсан аралығында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтанушыларынан құралған шығармашылық топ күшімен «Ғылыми қазына» бағдарламасы аясында жүргізілген «Социокультурная адаптация молодежи городов Казахстана» зерттеу жобасында келтірғен деректерімізге дәйек болады [8].

Мұндай ұлттық басымдылыққа ие болуда елге оралған қандастардың сандық үлесі оң ықпал етті. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік саясатта Германия, Израиль мен қатар өз қандастарын тарихи атамекеніне шақыруда белсенділік көрсетіп келеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап шамамен 1 миллион этникалық қазақтар (оралмандар) елімізге оралды. Тарихи атамекеніне оралған этникалық қазақтарды шыққан орталарына байланысты біз төрт үлкен типке бөлуге болады деп санаймыз:

- монголдық мәдени ортадан келген этникалық қазақ;
- қытайлық мәдени ортадан келген этникалық қазақ;
- кеңестік мәдени ортадан келген этникалық қазақ;
- исламдық мәдени ортадан келген этникалық қазақ (бұған Ауғанстан, Иран және Түркиядан келген қазақтар жатады) шыққан оралмандар.

Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 13 желтоқсанындағы № 204 «Халықты миграциялау туралы» Заңың - бабына сәйкес оралман дегеніміз – Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру рұқсатымен келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар [9].

Шет елдегі қазақтардың басым көшілігі Қазақстанмен шекаралас елдерді мекендейді, бұл территория қазақтарына қатысты ирредента ұғымы қолданылады. Ирредента - немесе қайта қосылмаған ұлттар отандастары басым тұратын мемлекетпен шектес аумақтарда қоныстанған этникалық аз топтарды білдіреді (мысалы Қазақстан жағдайында Ресей, Қытай, Өзбекстан т.б. елдердің шектес террииториялары). Оралманға байланысты айтылатын үшінші бір ұғым – репатриант, яғни репатриациялық ұрдіспен байланысты. Репатриация – иммигранттың өз тарихи отанына тұрақты өмір сұруғе оралуы [9].

Әлемнің 40-тан астам мемлекетінен тұрақ тапқан сырттағы қазақтың саны шамамен 5 миллионға жуықтайды. Соның 4 миллионы үш елдің еншісінде. Таратып айтсақ, Қытайда 1,5 миллион, Өзбекстанда 1,5 миллион және 1 миллионға жуығы Ресейде шоғырланған. Қалған бөлігі Монголияда (130 мың), Түркіменстанда (70 мың), Қыргызстанда (45 мың), Ауғанстан (30 мың) мен Түркияда (25 мың) біршама тығыз және жинақы орналасқан [10].

Елге шақыру, орналастыру, оралмандардың ел ортасына сіңісуі мемлекеттің миграциялық саясатының басты бағыты «Ата-бабаларымыз бер олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа» - деп айткан еді Елбасы Н.Назарбаев [11].

Мемлекеттік деңгейде «Нұрлы көш» бағдарламасы ауқымды түрде қолға алынған болатын. Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы төрт рет ұйымдастырылды (1992 Алматы, 2002 Түркістан, 2005, 2011 Астана). Елбасының 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жолдауында елдегі халық санын жиырма миллионға жеткізу сандық көрсеткіші, халқымыздың демографиялық құрамын оңтайландыру үшін ең әуелі шетелдегі қандастарымызды тарихи отанына тарту керек деген ойлары нақты байқалады. Ел президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының

2002–2015 жылдарға арналған Тұжырымдамасында» шет елде тұратын этникалық қазақтардың қайтып оралуын ынталандырумен қатар, көшіп келушілердің жаңа ортаға бейімделу мәселесінеде баса назар аударылған. Бұл мысалдардың барлығы зерттеу тақырыбының маңыздылығын арттыра түседі. Атамекеніне оралған қазақтардың мемлекет құруши ұлт талаптарына әлеуметтік сәйкестенуі тақырыбы әлеуметтану ғылымы саласында алғаш көтеріліп отырған тың тақырып. Оралған қандастардың әлеуметтік бейімделу барысындағы сәйкестену деңгейі жоғары болған сайын, адамзат тарапынан берер ресурсы да аймақ үшін жоғары болады және керісінше жағымсыз жағдай, көшіп келген қоныстанушының тұрғылықты жеріне бейімделуі ауыр болуы әлеуметтік жағдайды шиеленістіре түседі. Әлеуметтік сәйкестену мәселесі, оның ішінде оралған қазақтардың әлеуметтік сәйкестенуі шынайы өмірдің ұсынып отырған қоғам үшін де, ғылым үшін де өзекті мәселе және тақырып.

Қазақ ұлты мемлекет құруши ұлт мәртебесіне толыққанды иеленуі, біздіңші, мынадай басты салаларда оның орнығымен тікелей байланысты: саяси-құқықтық салада: ел тәуелсіздігін нығайтуда, мемлекеттің біртұтастығын нығайтуда, ұлттық қауіпсіздікті күшеттуде; экономикалық саланы индустриялды-инновациялық дамытуда; қазақстандықтардың кәсіби шеберлігін шындауда; рухани-мәдени саланы дамытып нығайтуда: ана тілін мемлекеттік тіл етіп орнықтыруды; барлық қазақстандықтардың патриоттық тәрбиесін күшеттуде. Дәл осы тұрғыларда тарихи атамекеніне оралған қазақтардың жергілікті қазақтармен, қазақстандықтармен сәйкестеніп, бейімделуі өзекті мәселе болып саналады.

Қазақстанның жаңа геосаяси, геоэкономикалық жағдайда алға ілгерілеуі, жаһандану кезеңінде ұлттық мемлекет ретінде ерекшеліктерін сактай отырып, төлтумалық болмысын, әлемдік дамуда дара мемлекеттілігін қалыптастыруы, елдегі демократиялық үрдістерді терендету бағыттары тақырыбының маңыздылығы арттыра түседі.

Көп ұлттар мекендерген Қазақстан жағдайында қазақ ұлты мемлекет құруши ұлт ретінде өзінің әлеуметтік-тарихи миссиясын атқарып, қазақстандық өркениетті, инновациялық-индустриялық қоғамның дамуын қамтамасыз етуге жауапты қүш ретінде қалыптасуы қажет. Мемлекет құруши ұлттың әлеуметтік әлеуеттілігі тұрғысында атамекенге оралған атамекенінде тезірек бейімделіп сіңісп кетуі яғни ұлттық сәйкестену үрдісі өзекті әлеуметтанулық мәселе деп санаймыз.

Жалпы алғанда зерттеудің тақырыбы біріккен, біртұтас қазақ ұлтының дамыған және тәуелсіз Қазақстан мемелекетін қалыптастыруы, дамытуы, осы бағытта елде жүріп жатқан көші-қон үрдісі нәтижесінде оралып жатқан этникалық қазақтардың жергілікті қазақтармен әлеуметтік сәйкестенуі болып отыр. Тақырып қарастыруға тиісті проблемалар қазақстандық қоғамның әлеуметтік шындығы жағдайында маңызды мәселелерді әлеуметтанулық зерттеу құбылысы етеді. Диссертация жұмысында қарастырылған мәселе тек ғылыми мағынаға ғана емес, сондай-ақ практикалық-қолданбалы мәнге ие.

Көп ұлттылық құбылысы жер шарының барлық мемлекеттеріне тән құбылыс, бірақ, соған қарамастан олар ұлттық мемлекет саналады. Алайда, Америка мен Австралия құрлықтарындағы кей мемлекеттер отарлық жүйеге түсіп төл этносы қырылыш, төл этносыз мемлекет құрғандары тарихтан белгілі. Әлемде қанша көпұлтты мемлекет болса да мемлекет құрушы ұлт мәртебесі, мемлекеттік тіл, ұлт атаулары жанжалдары байқалмайды. Тек, ТМД ауқымында кешегі кенестік жүйеде болған елдерде орыс ұлты мен орыс тілі ықпалынан шығу әрекеттері жергілікті деңгейде шиеленістер тудыруды. Бұл сынды әрекеттер ашық түрде Балтық жағалауы елдерінде байқалады. Өзбекстан мен Әзербайжан латын әліпбіне өтіп, ұлттық тіл мәртебесін бекітіп алды, Түркіменстан мен Тәжікстанда осы әрекетке ұмтылууда. «Ұлы орыс ұлты» ықпалынан құтылуға ұмтылыс Грузия, Қырғызстан, Украина, Белорусиядан байқалып отыр. Сондықтан, біздің тарапымыздан көтеріліп отырған зерттеу тақырыбы елдін ұлттық қауіпсіздігімен қамтамасыз етумен астасып жатқан маңызды мәселелер қатарында әрі жаһандық алпауыттар ықпалдылығы бар. Халқының құрамы көпұлтты ел болғандықтан жоғарыда айтылған латын әліпбіне Қазақстан 2025 жылда көшу жоспары және тіл саясаты да баялау жүріп жатқаны да осы мәселені аңғартады деп санаймыз. Қазақстан үшін мұндай мәселеде аскан әлеуметтік сезімталдық қажет етеді.

Қазақтың төл тілі, өнері, мәдениеті, тарихи мен стратегиялық ұстанымы мемлекетті біріктіруші идеяларға, ұлттық идеяға айналуы қажет. Барлық қазақстандық халықтың қазақ ұлты төңірегінде біріккені бүгінгі этноәлеуметтік шындыққа жақын. Біздің зерттеу жұмысымызда осы өзекті мәселе мен байланысып жатыр.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** «Ұлт» және «этнос» ұғымдарын әлеуметтанулық және антропологиялық әдістер арқылы кешенді зерттеудің теориялық-әдіснамалық алғышарттары әлеуметтану классиктерінің еңбектерінде қалыптасқан. Бұл еңбектер мемлекеттегі этникалық үрдістер, топтар арасындағы қатынастар мәселелерін қарастыра келе, ондағы экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени үрдістерді зерттеуге бағытталды. Адамдардың экономикалық және әлеуметтік әрекеттеріндегі этникалық теңсіздіктің көрінуі мен этностар мен ұлттардың рационалдылыққа ұмтылуы, еңбекке қарым-қатынасы және мемлекет құрудары рөлі классикалық еңбектерде көрінді. Ұлт және ұлттық үрдістердің әдістеме, әдіснамалық мәселе сін талдауда отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерін пайдаландық. Әр деңгейдегі жалпы қауымдық әлеуметтік-саяси үрдістерді зерттеу ұлгілері мен қатар ұлттық мемлекеттің негізі этнос ролі жайлы М. Вебер [12], П. Сорокин [13], Э.Гидденс, Г.Зиммелдің еңбектерінде [14], А.Радклифф-Браунның «Метод этнологии и социальной антропологии (1923), «Структура и функции в примитивных обществах ( Structure and Function in Primitive Society (1952)), «Метод в социальной антропологии» (1958) еңбектерінде қарастырылған болатын.

Әлеуметтану ғылымы классиктері Т.Парсонстың құрылымдық-функциоалды әдісі, П.Сорокиннің әлеуметтік мәдени әдісі, Г.Спенсердің эволюциялық теориясы, М.Вебердің әлеуметтік бейімделуді қамтитын

миграциялық теориялардың парадигмалды негізі, Р.Парк, Р.Мертон, Ч.Мористің тұлғаның бейімделу типологиясы, Г.Лебон, Г.Тардтың психологиялық интеракционизмі әдістері арқылы олардың еңбектерінде әлеуметтік бейімделудің негізгі теориясы бар [15-19]. Тұлғаның қоғамда бейімделуі, сәйкестену барысында болатын әлеуметтік шиеленіс мәселесі Г.Зиммельдің, Р.Дарендорф еңбектерінде қарастырылған.

Әлеуметтік сәйкестену тақырыбы Э. Эриксон [20], З. Фрейд [21], Ж. Лакан, К. Поппер, Ю. Хабермас, В. Хесле, А. Гидденс, М. Серто, К.Юнг [22], Ж.Пиаже [23], А. Тоффлер, М. М. Бахтин [24], Л.С. Выготский [25], Кон И.С. [26] т.б. ғалымдар зерттеулерінде жан-жақты қаралған.

Миграциялық үрдістер, көші-қон нәтижесінде халықтың әлеуметтік бейімделу және сәйкестену үрдістеріне ілімдік және әдіснамалық тұрғыда улес қосқан Ресейлік ғалымдар: Е.М.Аврамова, Г.В.Безюлева, С.К.Бондырева, Т.И.Заславская, Л.Г.Ионин, Л.В.Корель, П.В.Кузнецов, В.И.Мукомель, С.И.Розум, Г.У.Солдатова, Л.Л.Шпак, Т.Н.Юдинамен қатар, әлеуметтік ресурстық тұрғыда В.А.Ядов трансформацияланған қоғам жағдайында тұлға әрекетін зерттеу нысанасына алған [27-35].

Ұлттық әлеуметтік теория мәселелерін түсініп, талдап, өзіндік болжамдарды негіздеу мақсатында Я.Данилевский [36], В.Ленин [37], О.Шпенглер [38], А.Тойнби [39], Э.Дюркгейм [40], М.Вебер, Г.Алмонд, Х.Клингеманн, Г.Лассвелл, Т.Парсонс, С.Бейсембаев, Р. Гудин, М.Сужиков, Н.Киікбаев, Р.Әбсаттаров пен басқа ғылымдар зерттеулеріне сүйендік.

Этнос, әлеуметтік сәйкестену, сіңісу сияқты концептілер психология, антропология, әлеуметтану ғылымдарының ұғымдық аппараты болып, бірнеше бағыттың тоғысында орналасқандықтан, пәнаралық сипатқа ие. Кейбір ғалымдар бұл мәселелерді өз нысаны, пәні ретінде зерттесе, басқа ғалымдар әлеуметтанулық категория ретінде қарастырып, әлеуметтік құрылым және теңсіздік, қоғамдық даму тұрғысынан түсініп, әлеуметтік, мәдени, этникалық сияқты әртүрлі аспектіде қарастырады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде этнос мәселесін, этностық қатынастар мен этностық қозғалыстарды зерделейтін философиялық-әлеуметтану, тарихи-этнологиялық және психологиялық-педагогикалық зерттеулер қатарында Ю.В.Бромлей [41], Л.Н.Гумилев [42], Т.Сәрсенбаев [43], М. Тәтімов [44] К. Марданов [45], Б. Аяғанов [46] және де Н. Нысанбаев [47-49], К.Л. Сыроежкин [50-51], М.М. Сужиков [52-53], Б.Абдығалиев [54], Н.Ж.Байтенова [55], Н.Романова [56-57] зерттеулерін атап өтуге болады.

Соңғы жылдары мемлекет құруышы ұлттың мәртебесінің эволюциясын талдауға арналған нақты істер қатарында көптеген қазақ этносының өзіндік әлеуметтік санаын зерттейтін еңбектер пайда болды.

Қазіргі этнос мәртебесі туралы білімді XX ғасырдың қазан революциясына дейінгі қазақ этнографиясы мен тарихы, түркітану саласындағы еңбектерсіз елестету мүмкін емес.

Қазақтардың мәдениеті мен білім беру саласын зерделеу бірнеше ғасырды қамтиды. Осы орайда Ә.Х. Марғұланның еңбектерін атап өту керек, ғұлама

ғалым қазақтардың тарихы, этникалық мәдениеті, қалыптасқан тұрмыстық жағдайлары, тұрмыстық-отбасылық қарым-қатынастары туралы бай әрі құнды деректер жинағы. XIX-XX ғасырлардағы қазақтардың тарихы мен қазақтардың мәдениеті туралы баға жетпес өте құнды еңбектерді түрік-шығыс әлемін зерттеуші жоғарыда атап кеткен Л.Н. Гумилев [58-61]. қалдырыды.

Алайда егеменді мемлекеттің этноәлеуметтік кешенді зерттеу кеңестен кейінгі кеңістікте жаңа тәуелсіз мемлекеттердің өсуші талабынан туып отыр. Бұл саладағы құнды еңбектер қатарында А. Нысанбаев [62]; В.А. Тишков [63], Э. Геллнер [64]; Р.К. Қадыржанов [65]. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» [66], Қазақстан Республикасы Президентінің еңбектерінде және ресми құжаттарда берілген ойлар мен пікірлер [67], Ж. Мурзалиннің [68] және де әрі адам мәселелерін, осы салада пайда болатын қоғамдық құрделі, қарама-қайшы қатынастарды мемлекеттік реттеу қажеттігімен байланысты этноәлеуметтік еңбектер қатарында Ж.М.Әбділдин, Л.А.Байдельдинов, С.Т.Сейдуманов, Т.Ж.Қалдыбаева, Г.Малинин, Г.К.Ахметжанова, Н.М.Садықова, Г.Н.Иренов, А.Г.Галиев, З.К.Шаукенова, А.Т.Забирова, Р.С.Арын, С.М.Борбасов зерттеулерің атай аламыз.

Отандық ғалымдар тарапынан көші-қон үрдісі, бейімделу мәселесі, әлеуметтік-демографиялық үрдістерге мән берген ғалымдар: Г.С.Әбдірайымова, М.С.Садырова, Г.О.Әбдікерова, М.А.Әбішев, М.С.Аженов, К.У.Биекенов, А.Т.Забирова, Г.Г.Соловьева, Г.М.Мендиқұлова, Е.Ю.Садовская, М.Тәтімов, З.К.Шаукенова [69-81].

Оралмандардың тарихи атамекенінде әлеуметтік бейімделуі және мемлекет құруши ұлт барысындағы зерттеулер А.К.Есенғалиева, Б.Н.Қылышбаева, Р.Х.Сұлейменова, А.К.Тұрлыбекова, С.Ж.Түрікпенова, М.К.Кәкімжанова, Р.С.Арын, С.А.Амитов еңбектерін атауға болады.

Біздің диссертациялық зерттеуіміз үшін этностық сипаттама мен әлемнің этностық бейнесінің, этникалық бірлік, этностық сәйкестік үлгісін іздеу, ауыспалы кезеңдегі Қазақстан тұрғындарының тоталитарлық пен этностық, әлеуметтік пен этностық сәйкестік деңгейінің мәселелері талданған Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқыны» еңбегі мәнді [82].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өткен негізгі өзгерістерді талдай келе, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақ этносының этностық өзіндік санасының өскендігін, ел тұрғындарының қазақстандық этностық сәйкестік үлгісін іздең табу қажеттігін атап өтті. Автор әлеуметтік сәйкестікті екі деңгейге бөледі. Бірінші деңгейі, Қазақстан халықтарының тұтас азаматтық және саяси қауымының қалыптасуымен байланысты. Бұл жағдайда Н.Ә. Назарбаев бәрінен де бұрын суперэтникалық қауым ретінде қазақстандық этносын емес, тұтас этникалық қауым мен азаматтық қауымның қалыптасуына бағытталған Қазақстан халқының топтасуы қажеттігін ерекше атайды. Сәйкестіліктің екінші деңгейі, Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, қазақстандық және шетелдерден келген қазақтар сәйкестілігімен байланысты. Қазақ этносының әлеуметтік сәйкестігі оның ішкі этностық мәселелерді шешуімен, қазақ халқының саяси және азаматтық сәйкестігімен тікелей

байланысты. «Егеменді мемлекет ретінде Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» еңбегінде Президент Н.Ә.Назарбаев тәуелсіз Қазақстан қазақтардың этностық егемендігінің негізі (жетекші буын ретінде), оларды өздерінің бастауына, көпғасырлық дәстүріне қайтарады деп атап өтті [83].

**Зерттеу мақсаты** атамекенге оралған қазақтардың мемлекет құруши ұлт талаптарына әлеуметтік сәйкестенуі үдерісіне әлеуметтанулық талдау жасау.

### **Зерттеу мақсатының негізгі міндеттері**

- Мемлекет құруши ұлт пен оралмандардың әлеуметтік сәйкестенуін зерттеудің әдіснамалық негіздерін талдау;

- Жаһандану жағдайындағы әлеуметтік сәйкестену ілімінің эволюциясы талдау, сараптама жасау;

- Қазақстан Республикасындағы мемлекет құруши ұлттың әлеуметтік жауапкершілігін анықтау;

- Елге оралған қазақтардың мемлекет құруши ұлт талаптарына әлеуметтік сәйкестенуінің негізгі бағыттарын талдау;

- Елге оралушы қазақтардың әлеуметтік бейімделуі мен олардың білім және рухани-мәдени саладағы, әлеуметтік және саяси-экономикалық саладағы мәселелік аспектілеріне шолу, талдау жасау.

### **Зерттеу жұмысының болжамдары**

- Мемлекет құруши ұлт пен этностардың әлеуметтік сәйкестенуін зерттеудің әдіснамалық негіздерін, мемлекет құруши ұлт туралы әлеуметтік теорияларды талдау бүгінгі әлеуметтану ғылымында жеткілікті зерттелмеген;

- Жаһандану жағдайындағы әлеуметтік сәйкестену ілімінің эволюциясын талдау және Қазақстан Республикасындағы мемлекет құруши ұлт пен этностардың әлеуметтік жауапкершілігі мен сәйкестенуі мәселесі отандық әлеуметтану ғылымы үшін тың мәселе;

- Елге оралған қазақтардың бейімделу барысындағы заңнамалық кедергілер мен әлеуметтік бейімделуінің мәселелік аспектілеріне әлеуметтанулық терең ғылыми зерттеу талдау жасалмаған.

Аталмыш жұмыстың зерттеу обьектісі–тарихи отанына оралған қазақтар.

**Зерттеудің пәні** оралман-қазақтардың Қазақстан қоғамындағы мемлекет құруши ұлттың талаптарына әлеуметтік сәйкестену үрдісі.

**Диссертациялық зерттеудің әдістемелік және теориялық негізін** отандық, шетелдік әлеуметтанушылардың ұлттық үрдістер мен ұлттардың мәртебесіне арналған зерттеулері, тұжырымдар мен ғылыми ойлары қалады. Әлеуметтік институттың теориялық-әдіснамалық негізін жасаған әлеуметтанушы ғалымдар О.Конт, Г.Спенсер, Э.Гидденс, Т.Парсонс, Р.Дарендорф ілімдері зерттеудің негізгі базалық әдіснамасын құрады. Сонымен қатар қазақ даласында өмір сүрген дана ойшылдардың мемлекет, адам және ұлт құндылығы т.б. озық ой-пікірлері басшылыққа алынды.

Диссертациялық зерттеуде ұсынылған мәселелер пәнаралық тәсілді пайдаланудың қажеттілігін тудырды. Әлеуметтануда, философияда, саясаттануда және психологияда тақырып төнірегіндегі ілімдер мен зерттеу тәсілдерін пайдалану арқылы мәслені жан-жақты тани түсуге болады.

Жұмыстың мақсаттық ұстанымдары мен міндеттері зерттеудің әдістемелік базисі ретінде осы жұмыста қолданылған салыстырмалы әлеуметтік-тарихи әдісті пайдалануды міндеттеді. Бұл әдіснама трансформация процестерін белгілі-бір уақыт кезеңіндегі траектория мен ұлттың базалық құндылықтарының иерархиясын қатар қоюға мүмкіндік берді.

Зерттеуде жүйелі және салыстырмалы түрдегі талдаулар, отандық ғылыми тұжырымдар мен зерттеулер басшылыққа алынды сонымен бірге, ғылыми бақылау, нақты талдау, бақылау, сапалы әдісте тереңдетілген нарративті сұхбат, сандық әдіс, логикалық, себептік, баламалық, көпқырлылық, жүйелілік, субъективті, объективті жағдайларды даму тұрғысынан қарастыратын әдістер қолданылды.

Сондай ақ құжаттық ақпарат көздерін контенттік талдау және статистикалық талдау, синтез, дедукция әдістері пайдаланылды. Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерін талдау кезінде топтастыру, эмпирикалық типтеу, рангілеу, жіктеу және салыстыру әдістері пайдаланылды.

Жұмыс барысында этностардың дамуын зерттейтін әлеуметтану теориялары қарастырылды-толерантты даму теориясы, неореализм, бейбітшілік-жүйелік теориясы, қауіпсіздік даму тұжырымдамалары қарастырылды. Аталған әдістерді пайдалану мемлекет құрушы ұлттың әлеуметтік-саяси дамуын, оралмандардың әлеуметтік бейімделу мәселелерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Жалпы теориялық әрі көптеген әдістерді пайдалану зерттеушіден тепе-тендікті сактап, кейбір әдістерді біздің жағдайымызға, зерттеліп отырған объектіге бейімдеуді талап етеді.

### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы**

- алғаш рет қазақстандық қоғамның мемлекет құрушы ұлттың әлеуметтік-саяси мәртебесі әлеуметтанулық тұрғыда жан-жақты зерттеліп, тақырып проблематикасы этнография, этнология, тарих, философия, саясаттану, әлеуметтану, этнопедагогика, мәдениеттану т.б. пәнаралық тұрғыдан қарастырылды;

- «мемлекет құрушы ұлт», «мемлекет құрушы ұлттың мәртебесі», «мемлекет құрушы ұлттың әлеуметтік жауапкершілігі», «оралған қандас», «білім, мәдениет, рухани және саяси өмірдегі әлеуметтік сәйкестену» сияқты ұғымдарға әлеуметтанулық түсініктеме мен талдау, анықтама беріп, олардың ғылыми айналымындағы орны негізделе түсті;

- әлеуметтанулық зерттеу әдістерімен іріктелген сарапшылармен жүргізілген тереңдетілген сұхбат негізінде мемлекет құрушы ұлттың қазіргі көңіл-күйін, дүниетанымын, мұддесін зерттеу ісі тереңдетіле түсті;

- қазақстандық қоғамның мемлекет құрушы ұлттың әлеуметтік бейнесі мен болмысын әлеуметтанулық негіздеу, айқындау және түсініктеу тұрғысында әлеулі ғылыми талпыныс жасалды;

- тарихи атамекеніне оралған этникалық қазақтардың елге оралғаннан кейінгі әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, мәдени-білімдік және әлеуметтік саяси сәйкестенуі жағдайы жан-жақты қарастырылып, оның

онды жақтарымен қатар мәселелік қырлары әлеуметтанулық түрғыда ашып көрсетілді;

- әлеуметтану ғылымының әлеуметтік сәйкетену туралы теориясы мен оның практикасы нақты қазақстандық қоғамның өмірлік шындығында дамытыла түсті.

### **Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар**

- Тәуелсіз Қазақстан жағдайында ұлттық қатынастар саласындағы үрдістерді зерттеуді қоғамдағы этностық әлеуметтік сананың, соның ішінде мемлекет құруши ұлттың әлеуметтік бейнесі мен санасының қалыптасып, өсіп дамытымен тығыз байланыста қарастыру қоғам үшін ғылыми-практикалық қажеттілік;

- Мемлекет құруши ұлттың білімдік-мәдени, ғылыми-технологиялық әлеуметтенуінің жоғары деңгейде болуы тек экономикалық-әлеуметтік мәселе емес, алдымен саяси мәнді әлеуметтік мәселе;

- Көп этности Қазақстан жағдайында қазақ ұлты мемлекет құруши ұлт ретінде өзінің әлеуметтік-тариhi миссиясын атқаруға тиіс және ол мемлекеттің барлық ел өнірлеріндегі бағдарлы, әлеуметтік теңдік пен әділдік саясаты арқылы қамтамасыз етілуі қажет.

- Жаһандану жағдайында қоғамның ұлттық трансформациялануын тиімді іске асыра отырып, Қазақстан халқының әлемдік сахнада бәсекелестік қабілетін іс жүзінде көрсетуінің, Қазақстан елінің тәуелсіздігін сақтап, нығайтудың аса маңызды зандалығы - ең алдымен мемлекет құруши қазақ ұлттың өзінің жан-жақты дамытылуы.

- Мемлекет құруши ұлттың әлеуметтік әлеуеттілігі түрғысында атамекенге оралған қазақтардың мәдени-білімдік, әлеуметтік-экономикалық сәйкестенуі мәселесі өзекті әлеуметтанулық және әлеуметтік-саяси танымдық құбылыс болып табылады.

- Қазіргі Қазақстанның жағдайында мемлекет құруши ұлттың қалыптасып іштей бірегейлене түсуі мемлекетте болып жатқан әлеуметтік, саяси үрдістермен үздіксіз байланыста өтуде. Елдегі этностық және этносаралық, конфессияаралық сипаты мен мәні бар мәселелер, қоғамның әлеуметтік құндылықтары мен басты идеялық ұстанымдары осы төл этностың әлеуметтік-саяси болмысымен тығыз байланысты. Демек, төл этностың әлеуметтік, экономикалық және саяси хал-ахуалын дамытудың басты алғышарттарын жан-жақты зерттеу барлық отандық ғылымдар салаларының әлеуметтік жауаптылығында.

- Отанына оралған қазақтардың әлеуметтік сәйкестенуі мәселесі қазақстан халқының әлеуметтік – экономикалық, мәдени-білімдік әлеуетін дамытудың, қоғамның әлеуметтік санасын дамытып қалыптастырудың құрамды бөлігі және қазақ ұлттың, қазақстандық әлеуметтің іштей бірегейлене түсуінің елеулі алғышарты.

**Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы төмендегі қажеттіліктермен анықталады:**

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде алынған мәліметтер ұлт, мемлекет құруши ұлт және тарихи атамекеніне оралған этникалық қазақтардың әлеуметтік сәйкестенуін жай талдаудың концептуалдық және теориялық-әдістемелік ережелерін ары қарай әзірлеу үшін пайдалануға болады. Әлеуметтану ғылыминың этноәлеуметтану пәні бойынша «көші қон, ұлт, ұлтаралық қатынастар» тақырыбында қосымша құрал ретінде маңызы бар.

- мемлекет құруши ұлт мәртебесінің сақталуы мен қайта жанғыруының факторы ретінде қалыптасуы мен дамуы бойынша жасалған тұжырымдардың әлеуметтік-саяси мәні бар;

- білім беру жүйелері үшін қазақстан халқының тұтастығын тәрбиелеу жұмыстарына әдістемелік негіздердің бірі бола алады;

- Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қатынастардағы үйлесімдік бойынша ұсынылған шаралар жүйесі ғылыми-практикалық пайдалы.

Зерттеудің негізгі нәтижесі автормен халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, семинарлар мен әртүрлі деңгей мен бағыттағы «дөңгелек үстелдерде» баяндалып, теориялық жинақталған тұжырымдар мен қорытындылар, зерттеу тақырыбы бойынша нұсқаулар ізденушінің Қазақстанда және шетелдерде шыққан басылымдарда жарық көрді.

**Зерттеудің эмпириялық базасы және деректемелік көзі.** Зерттеу жұмысында тақырыпқа сай әлеуметтанулық зерттеудің, әлеуметтік фактілер жинаудың тәсілдері-ресми статистика, сауалнамалық сұрау, сарапшылармен терендетілген сұхбат, ақпарат көздерімен жұмыс, т.б. әдістері қолданылды.

Ғылыми зерттеу тақырыбы аясында 2012 жылдың 3-22 маусым аралығында Павлодар, Ақтөбе, Астана және Шымкент қалалары бойынша сапалы әдіспен сарапшылармен сауалнамалар арқылы терендетілген сұхбат сауалнама жүргізілді. Сарапшылар қатарында: көші қон мәселесімен тікелей байланысты мемлекет органдарының қызметкерлері, қоғамдық үйымдар басшылары, көші-қон тақырыбын зерттеп жүрген ғалымдар, оралған қандастар мен қатар А.Айталы, Ж.Мәлібеков сынды белгілі қоғам қайраткерлері қамтылды.

2012 жылы шілде-желтоқсан аралығында Л.Гумилев атындағы ұлттық университетінің әлеуметтанушыларынан құралған шығармашылық топ күшімен «Ғылыми қазына» бағдарламасы аясында «Социокультурная адаптация молодежи городов Казахстана» зерттеу жобасы бойынша қоғамдағы жастар мәселесі жан-жақты зерттелді [8].

2011жылы қараша мен 2012 жылдары сәуір аралығында алты ай қөлемінде massagan.com сайтындағы «коралман атауын қалай өзгерту тиімді?» деген on line жүйесінде сауалнама жүргізіліп, сараптан өтіп, аталған ұғымға байланысты өзіндік тұжырымдар ұсынылды.

Екінші деңгейдегі дереккөзі ретінде Павлодарлық «Логос» қоғамдық бірлестігінің, 2011 жылы 24 наурыз бен 4-ші сәуірі аралығында Қазақстандық қоғамның саяси-әлеуметтік көңіл күйіне қатысты сандық әдіспен 1000 респондент қамтылған сауалнама мен Қазақстандық әлеуметтанушылар мен

саясаттанушылар ассоциациясы (ЭСА) тарапынан 2010 жылы жүргізілген сауалнама нәтижелері біздің тарапымыздан қайта талданып, сұрыпталды.

Зерттеудің деректемелік көзін отандық және шетелдердің әлеуметтанушылары, философтар мен қатар тарихшы, саясаттанушылары мен басқа да гуманитарлық ғалымдардың енбектері құрайды.

Басқа теориялық және әмпириялық қайнар көздерінің екінші тобына ресми құжаттар жатады: заңдар мен нормативті-құқықтық актілер «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 204 Заны, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы «2» желтоқсан № 1126 қаулысымен бекітілген 2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы, Оралмандардың 2009-2011 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 17 қарашадағы № 690 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылдың 21 қарашасындағы №1673 жарлығымен бекітілген Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2002-2015 жылдарға арналған Тұжырымдамасы [84-88], дүниежүзі қазақтарының құрылтайының материалдарымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Үкімет басшыларының, қоғам қайраткерлерінің баяндамалары мен сөйлеген сөздері.

Үшінші деңгейдегі көптеген халықаралық және республикалық конференциялардың, симпозиумдардың, семинарлар мен «дөңгелек үстелдердің», докторлық пен кандидаттық диссертациялық зерттеулері, ғылыми журналдардағы басылымдарының материалдарын кіргізуге болады.

Зерттеудің қайнар көзінің келесі тобына КР Статистикалық Агенттігінің статистикалық материалдары, анықтамалық басылымдар, отандық және шетелдік мерзімді басылымдардың материалдары кірді.

**Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан (апробациясы) өтуі.** Зерттеудердің нәтижесі диссертацияның жеке бөлімдері, ғылыми-теориялық және әдістемелік сипаттағы қорытындылары мен тәжірибелік ұсыныстары халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда талқыланып сыннан өткен. Тақырыпқа байланысты 15 мақала жарияланып, оның ішінде 5 ғылыми және ақпараттық-аналитикалық журналында, 10 халықаралық және республикалық конференция материалдарының басылымдарында жарық көрді. Атап айтқанда, Процессы адаптации репатриантов в Казахстане//Сборник материалов международной конференции аспирантов и студентов при гуманитарном факультете ОмГАУ( РФ,:Омск), Die Politik der benachbarten Staaten (Russland, China, Iran, Afghanistan und Turkei) bezuglich der Migration der Bevölkerung aus Zentralasien//Материалы международной научной конференции, “Migrations – und Sicherheitsprobleme in Mittelasien” wissenschaftliche Forschung/Eurasische Nationale Universität names L.N.Gumilijow (Украина, Одесса), Вопросы социального взаимодействия репатриантов в Казахстане//Социальное взаимодействие в различных сферах жизнедеятельности» материалы международной научно-практической

конференции (РФ, Санкт Петербург, РГПУ им А.И.Герцена, 1-3 декабря, 2011 г.), Қазіргі отандық әлеуметтану ғылымындағы әлеуметтік бірегейлену мәселесі//«Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі» жас ғалымдардың Ү халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы.(Алматы қ., 24-25 қараша,2011 ж.), Төуелсіз Қазақстанның негізі - мемлекет құруши ұлт //Хабаршы-Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева (№3 (82), 2011 ж.), Kazakistan cumhuriyetindeki etnikarasi ilişkilerin sosyal antropolojik aspektleri//Akademik bakiş dergisi sayı: 32 Eylül – Ekim 2012 Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler E-Dergisi ISSN:1694-528X İktisat ve Girişimcilik Üniversitesi, Türk Dünyası, т.б.

**Зерттеудің негізгі корытындыларын талқылаудан өткізу.**  
Диссертациялық жұмыс Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия үлттық университетінің әлеуметтану кафедрасында талқыланып, мақұлданып қорғауға ұсынылды.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.** Диссертация кіріспе, үш бөлім, корытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі, екі қосымшадан тұрады.